

Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 14 шілдедегі N 158

1-бап. Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу жөніндегі мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" 1994 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына Z941100_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 20, 248-құжат):

1) 1 - б а п т а :

екінші бөлігіндегі "жер учаскелері бөлінген" деген сөздер "белгіленген тәртіппен бекітіліп берілген жер учаскелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші бөлігіндегі "бөлінген" деген сөз "берілген" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-баптың екінші бөлігіндегі "бөлуден" деген сөз "беруден" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) 3-баптың екінші бөлігіндегі "бөлінген" деген сөз "белгіленген тәртіппен бекітіліп берілген" деген сөздермен, "жерді шектес пайдаланушылардың құрылыстары арасындағы" деген сөздер "шектес жер учаскелеріндегі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 4 - б а п т а

үшінші бөлігіндегі "көлемін өкілді өкімет органдары белгілейді" деген сөздер "көлемі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен белгіленеді" с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

төртінші бөлігіндегі "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жетінші бөлігіндегі "бөлуден" деген сөз "беруден" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 6-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

6) 7 - б а п т а :

екінші бөлігіндегі "Жер және Тұрғын үй кодекстерімен" деген сөздер "жер және тұрғын үй заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігіндегі "иелігіне" деген сөз "меншігіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

7) 8-баптың төртінші азатжолындағы "бөлу" деген сөз "беру" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22

желтоқсандағы N 2717 U952717_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат):

1) 1 - б а п т а :

3) тармақшада "Жер үлесі" деген сөздерден кейін "(шартты жер үлесі)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) төлемнің базалық ставкасы - жеке меншікке берілетін немесе мемлекет жерді пайдаланушыға беретін жер үшін төлемақы нормативі.";

2) 8 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші азатжолындағы "ақы төлеу арқылы" деген сөздер "жер учаскесін жалға беру шарты негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "төлем мөлшерін" деген сөздер "базалық төлем ставкаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 6) тармақшасы "жер үшін" деген сөздерден кейін "базалық" деген сөзбен толықтырылсын;

4) 12-баптың 7) тармақшасы "көзделген жағдайларда" деген сөздерден кейін "бірінші топқа жататын ормандардағы орман қоры жерлерінен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 27-баптың 2-тармағы "тұрақты" деген сөзден кейін "және ұзақ мерзімге уақытша" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 5 6 - б а п т а :

1-тармақ "жер пайдалану құқығы" деген сөздерден кейін "сондай-ақ жер (шартты жер) үлесіне құқық" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "жер пайдалану құқығының" деген сөздерден кейін "сондай-ақ жер (шартты жер) үлесіне құқығының" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 59-бап "жер пайдалану құқығын" деген сөздерден кейін "жер (шартты жер) үлесіне құқығын" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 77-баптың 1-тармағы "тұрақты" деген сөзден кейін "немесе уақытша" деген сөздермен, ал "құқығымен" деген сөзден кейін "заңдарда көзделген жағдайларда және тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 7 9 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші азатжолындағы "шартты жер" деген сөздер "жер (шартты жер)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жер (шартты жер) үлесіне деген құқықты жалға немесе кепілге беру.";

10) 122-баптың 2-тармағының екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрақты пайдалану құқығын сатып алмаған азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар жер учаскелерін меншікке сатып алады немесе оларды меншікке сатып алғанға дейін жалға беру шартымен қысқа мерзімге немесе ұзақ мерзімге жерді

уақытша пайдалануға қайта ресімдейді."

2-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1. "Жер реформасы туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 28, 384-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14 309-құжат; N 16, 411-құжат).

2. "Қазақ КСР-індегі Жер реформасы туралы" Қазақ КСР Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 28, 385-құжат).

3. "Ерекше бағалы жерлердің, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи және тарихи-мәдени объектілер тұрған, мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін алып қоюға жатпайтын жерлердің тізбесі туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 395-құжат).

4. "Бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың пайдалануына жер беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 396 - құжат) .

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қатынастарын

реттеудің кейбір мәселелері туралы" 1994 жылғы 24 қаңтардағы N 1516 заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 4, 33-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 8, 54-құжат).

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру туралы" 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1639 заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 17, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 8, 54-құжат).

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК